



КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ОСНОВАН В 1992 ГОДУ

# БҰРШАҚТАР, ҚАЛАҚАЙЛАР, ШАМШАТТАР ТҰҚЫМДАСТАРЫНА СИПАТТАМА

---

Орындаған: Байбатыр. Г

Тексерген: Алдасугурова. Ч

# Бұршақ тұқымдастар

Бұршақ тұқымдастар – қосжарнақтылар класына жататын, сырт пішініне қарай ағаш, бұта лиана, шала бұта, көпжылдық және бір жылдық шөптесін өсімдіктер болып келеді. Бұл тұқымдастардың шаруашылық мәні зор. Бағалы азық-түлік және жемшөптік дақыл ретінде ең ірі тұқымдастардың бірінен саналады. Жер шарына кең таралған 500 туысы, 12 мыңнан астам түрі бар. Қазақстанда бұршақ тұқымдастардың 42 туысқа жататын 650-ге жуық түрі бар. Қазақстанда, егістік және көкөністік мәдени бұршақ тұқымдас өсімдіктерден асбұршақ, үрмебұршақ, соя, жамбасбұршақ өсіріледі. Кейбір бұршақ тұқымдас өсімдіктер әсемдік үшін өсіріледі. Оларға сары қараған, ақ қараған, және жұпар бұршақтарды атауға болады. Бұршақ тұқымдастардың кейбір іріктемелерінен, мысалы соядан, жер жаңғағынан май алынады. Ал кейбір тұқымдастарынан: қызғылт, қызыл және қара ағаштан қымбат үй жиһаздары жасалады. Сондай-ақ мия тамыр, түйежоңышқа, қоянсүйек сияқтылардан әр қилы дәрідәрмектер мен бояулар, илік заттар алынады. Бұл тұқымдастардың бірсыпыра түрлері шалғындықта, тоғай арасында бұта түрінде жабайы да өседі. Бұлар – жоңышқа, түйежоңышқа, егістік беде, т.б. Бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бір тобының сабағы мықты емес, жер бауырлап өседі. Ал екінші бір тобының сабағы мықты, тік өседі. Енді бірінің сабағы мұртшаға айналып, өрмелеп өсуге бейімделген.

# Бұршақ тұқымдасы

1



Екпе асбұршақ

2



Жемісі

3



гүлшоғыры

4



Қызыл жоңышқа

5



атбұршақ

6



Сарыгүлді бөрібұршақ



MyShare



# Бұршақ тұқымдастар

Жер бетінде 12000 түрі бар деп есептеледі.

Қазақстанда 650-ге жуық.

Ағаш, бұта, шала бұталы, шөптекті

$T_{(5)} K_{3+(2)} A_{(9)+1} Ж_1$

Бұршақ тұқымдас

**Жабайы**  
қызылбас  
жоңышқа.

**мал азықтық**  
сары  
бөрібұршақ,  
беде,  
түйежоңышқа,  
жантақ.

**тағамдық**  
асбұршақ  
үрмебұршақ,  
соя,  
жасымық,  
нұт

**сәндік**  
қараған

**улы**  
тентекмия

**мәдени дәрілік**  
қызыл мия,  
кассия(сана)

# Ботаникалық сипаттамасы

Бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бір тобының сабағы мықты емес, жер бауырлап өседі. Ал екінші бір тобының сабағы мықты, тік өседі. Енді бірінің сабағы мұртшаға айналып, өрмелеп өсуге бейімделген. Бұршақ тұқымдас өсімдіктердің жапырағы бірнеше кішкене жапырақтардан құралатын қауырсын тәрізді, күрделі жапырақ; қатар салалы, үшқұлақты, саусақ салалы болып келеді. Гүлі дұрыс құрылмаған – зигоморфты, гүл қоршауы, күлтежапырақшасының мөлшері, пішіні де бірдей емес. Гүлсерігі қосарланған, біріккен тостағанша жапырақтардан – 5 тостағанша, күлтежапырақшадан – 5 күлте түзіледі. Күлтежапырақшалардың пішініне қарай аттары бар. Ең ірі жоғарғы күлтежапырақша – желкен, бүйіріндегісі – ескек, төменгі біріккен екі күлте жапырақша – қайықша деп аталады.

# Бұршақ



Тағамдық –  
асбұршақ, үрмебұршақ,  
соя, жасымық,  
жержаңғақ, нұт

Мал азықтық –  
бөрібұршақ, беде,  
түйежоңышқа, жантақ

Дәрілік-  
жалаң қызыл мия,  
кассия

Сәндік – қараған,  
тентекмия

# Қолданылуы

Бұрынғы кезде асбұршақты кедейлердің еті деп санаған. Құрамындағы ақуыз жануардікінен де көп. Ас қорытуды және иммунитетті көтереді, күніне бір шай қасықпен жеп тұрса денсаулықты жақсартады, сондықтан әдетке айналдыруға тырысу керек. Қандағы холестеринді қалпына келтіреді, қан қысымына да көп пайдасы бар. Қандағы бөгде заттарды шығарады. С тобындағы В, А, РР, Е. Май, полисахарид, биотин, крахмал, никотин қышқылы, кальций, фосфор, марганец құрамында көптеп кездеседі.



# Қалақайлар тұқымдасы.

- Түрлерінің жалпы саны 850-дей (45 туыс). Кішігірім ағаш, жартылай бұта, біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.
- Тропикалық және қоңыржай климатты зона-ларда кең тараған. Тропикалық ормандарда көп жағдайда шөптесін және бұталы ярустар түзеді. Бұрынғы одақтас республикалардың флорасында саны жағынан аз болғанымен, аса кең тараған түрлері өседі. Гүлдері дара жынысты немесе қос жынысты, актиноморфты. Гүл шоғыры — әртүрлі тирс. Гүлсерігі қарапайым, тостағаншажа-пырақшалар түрінде болады, 4-мүшелі. Андроцейі 4 аталықтан тұрады, олар гүлсерігінің жапырақшаларына қарама-қарсы орналасады, аталықтың жшшесі гүлдің ортасына қарай қайырылып тұрады. Аналығы бір, екі жеміс жапырақшадан түзілген. Тұқым түрі 1. Жемісі-жаңғақша, олар гүлсерігінің ұлғайған ішкі жапырақшаларымен қапталып тұрады. Сүт жолдары болмайды. Жапырақтары мен сабақтарының сыртын өдетте күйдіргіш түктер жауып тұрады.



- **Қалақай туысы** (крапива — *Urtica*). Түрлерінің саны 40-тай. Бұрынғы одақтас республикалардың флорасында 10 түрі, ал Қазақстанда 3 түрі кездеседі. Екі жартышардың да тропикалық және қоңыржай климатты облыстарында кең тараған өсімдіктер. Көптеген түрлері мал азығы ретінде құнды өсімдіктер, кейбіреулерін көкөністер ретінде тамаққа пайдаланады, ал кейбіреулері талшықтар алуға қажетті шикізат болып табылады. Қосүйлі қалақай (крапива двудомная — *Urtica dioica*) мен күйдіргіш қалақай (крапива жгучая — *Urtica urens*) — космополиттер



# Шамшаттар тұқымдасы

- Тұқымдаста 900 түр бар (8-9 туыс). Мәңгі жасыл немесе жапырақтары қысқа қарай түсіп отыратын ағаштар мен бұталар.
- Олар жер бетінің, негізінен қоңыржай климатты және субтропикалық елдерінде, кеңінен таралған. Жапырақтарының түсіп отыртын, қосалқы жапырақшалары болады. Жапырақтары тұтас немесе қауырсынды қалақты және кезектесіп орналасады. Гүлдері ұсақ, көріксіз, дара жынысты немесе қос жынысты, актиноморфты, дихазиялы, жиналып сырға, масақ немесе шоқпарбастар түзеді. Кейде дихазиялары бір гүл қалғанға дейін редуцияға ұшырайды. Аналық гүлді плюска қоршап тұрады. Гүлсерігі 6-мүшелі, бос орналасқан, аналығы 3-6 ұялы, соған сәйкес аналықтың мойныда (столбик) сонша болады, гүлтүйіні төменгі.
- Аталық, гүлдің гүлсерігінің түп жағы біріккен болып келеді және әртүрлі түске- сарыға, қоңыр-қызылға, жасылға боялған. Гүлсерігінің саны не 3+3, не болмаса 5—7, аталықтардың саны гүлсеріктерінің санымен бірдей (кейде көптеу) болады.



- Емен туысы (дуб — *Quercus*). Дүние жүзі бойынша 300 түрі бар; БОР-дың флорасында 19 түрі, ал Қазақстанда 1 ғана түрі кездеседі. Табиғи жағдайда солтүстік ендіктің қоңыржай климатты елдерінде, сиректеу субтропикада кеңінен таралған. Ағашы әртүрлі ағаш бұйымдарын жасауға және құрлыс материалдары ретінде аса құнды болып табылады. Жалпақ жапырақты орманның (дубрав) негізгі компоненті. Діңі жуан болып келетін, биіктігі 40 м. дейін баратын, әдетте бөрікбасы жан-жаққа тармақталып тұратын үлкен ағаш. Гүлінің формуласы.
- Жемісі жаңғақ (желудь — шошқа жаңғақ). Кәдімгі емен Европада кеңінен таралған. БОР-дың Европалық бөлігіндегі, жалпақ жапырақты ормандардың, ең құнды, орман түзетін ағашы болып саналады, ареалы-ның оңтүстік-батыс бөлігінде, қыстық, және жаздық формалары болады.

- Жартас емені (дуб скальный — *O. reggaea*) негізінен Кавказда және батыс Украинада Карпат тауының етегінде өседі. Түкті емен (дуб пушистый — *O. pubescens*) Қырымда өседі. Емен ағашының көпшілікке танымал түрінің бірі тығын емені (дуб пробковый — *O. quercus*), ол Жерорта теңізінің батысында кең таралған. Еменнің бұл түрін өзінің табиғи ареалынан тыс жерде де, тығын алу мақсатында мәдени жағдайда өсіреді.
- Шамшат туысы (бук). Барлығы 10 түр; БОР-дың флорасында 3 түрі бар. Олар солтүстік ендіктің қоңыржай климатты зоналарында өседі. Ылғалдығы жеткілікті, құнарлы топырақта, буктер өнімділігі жоғары орман алқабы түзеді. Құнды ағашынан басқа, жаңғақ төрізді жемісі малға жем болады. Гүлдерінің формуласы.
- БОР-дың территориясында, Карпат тауында және оның Украинаға қарайтын етегінде европа бугі (бук европейский — *F. sylvatica*) (213-сурет). Кавказда, Қырымда шығыс бугі (бук восточный) өседі.

# ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1. Ағелеуов Е. және т.б. Ботаника, өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы.
- 2. Әметов Ә.Ә. Ботаника.
- 3. Мұсақұлов Т. Ботаника

*Назарларыңызға  
рахмет!!!*

